

"Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 тамыздағы N 872 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 ақпандағы № 235 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.02.17 № 235 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 4

т а м ы з д а ғ ы

N

8 7 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - ЖОО) ғылыми және педагогикалық қызметтерде жоғары жетістіктері бар оқытушыларына оларды көтермелеу және қолдау мақсатында "Жоғары оқу

орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын (бұдан әрі - Грант) тағайындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) грант - "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" конкурсында (бұдан әрі - Конкурс) жеңіп шыққан оқытушыға шетелде тағылымдамадан өтуді қоса алғанда, бір жыл ішінде ғылыми зерттеулерді жүргізуге ЖОО-ның оқытушысына өтеусіз берілетін ақша;

2) республикалық конкурстық комиссия - Грантты тағайындау үшін құрылатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия);

3) Конкурсқа қатысушы - Конкурсқа қатысуға құжаттарды белгіленген тәртіппен ұсынған ЖОО-ның штаттағы оқытушысы.

3. Жыл сайын 200 Грант тағайындалады. Бір Гранттың көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген 2000 еселенген айлық есептік көрсеткішті құрайды.

2. Конкурсты өткізу тәртібі

4. Конкурсты төрағасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі болып табылатын Комиссия өткізеді.

5. Комиссия Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік), басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволар қызметкерлерінің, жетекші ғалымдар мен мамандар қатарынан құрылады.

Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс. Комиссия отырысы құрамының кемінде 2/3-і болған жағдайда заңды деп саналады.

Комиссияның дербес құрамы мен конкурсқа қатысу үшін құжаттарды ұсыну мерзімі жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

6. Конкурс қорытындылары бойынша шешім жасырын дауыс берумен қабылданады. Грант отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің дауыс санының кемінде 3/4 дауысын жинаған Конкурсқа қатысушыға тағайындалады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең бөлінген жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді.

7. Конкурстың қорытындылары Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімдік баспа басылымдарында жарияланады.

8. Комиссия шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

9. Конкурс жыл сайын Грантты тағайындау жылының алдындағы жылдың IV тоқсанында өткізіледі.

10. Конкурсқа қатысу үшін кандидатураларды ЖОО-ның ғылыми кеңестері ұсынуы мүмкін.

11. Конкурсқа қатысу үшін Министрлікке мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

Конкурсқа қатысуға өтініш (өтінім);

ЖОО ғылыми кеңесінің ұсынымы;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, жетекші ғалымдар мен мамандардан ұсыным хаттар;

растайтын құжаттармен бірге осы Ереженің 14-тармағында айтылған іріктеу өлшемдеріне сәйкес мәліметтер;

егер Конкурсқа қатысушы шетелге шығып тағылымдамадан өтуді жоспарлаған жағдайда, шетелдік ЖОО-ның, ғылыми ұйымның тағылымдамадан өтуге қабылдау туралы жазбаша растауы;

қорытынды есепті беру мерзімі көрсетілген жылдық жұмыс жоспары кестесі; жұмыс орны бойынша куәландырылған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы;

жеке куәліктің көшірмесі;

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі; зейнетақы қорымен шарттың және әлеуметтік жеке кодының барлығын растайтын құжаттың көшірмелері.

Конкурсқа қатысушы дайындаған конкурстық өтінім Министрлік айқындаған нысан бойынша, мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

12. Конкурсқа қатысушы дұрыс емес немесе толық емес мәліметтер ұсынған жағдайда ол конкурсанттардың тізімінен шығарылады.

3. Үміткерлерге қойылатын талаптар және Грантты тағайындау өлшемі

13. Конкурсқа мынадай талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады:

- 1) ЖОО-ның штаттық оқытушылары болып табылатындар;
- 2) кемінде 3 жыл ғылыми-педагогикалық стажы барлар;
- 3) ғылыми және педагогикалық қызметте жетістіктері барлар.

14. Оқытушының ғылыми және педагогикалық қызметтегі жетістіктері мынадай өлшем бойынша бағаланады:

- 1) ғылыми-зерттеу қызметі, оның ішінде: академиялық, ғылыми дәрежесінің, ғылыми атағының болуы; іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерге, халықаралық ғылыми жобаларға (

бағдарламаларға, гранттарға), шарттық жұмыстарға қатысуы;
ғылыми жетістіктері (авторлық туындылары мен патенттері туралы мәліметтер, зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, ғылыми әзірлемелер, ғылыми жарияланымдар, республикалық және халықаралық конференцияларға қатысуы);
докторанттарға, аспиранттарға, адъюнкттерге, ізденушілер мен магистранттарға жетекшілік етуі;
студенттің ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысына жетекшілік етуі;

2) оқу-әдістемелік қызмет, оның ішінде: оқулықтарды, оқу құралдарын, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуге және басып шығаруға қатысуы;
оқу процесінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалануы;
студенттердің Конкурсқа қатысушылардың педагогикалық шеберлігін бағалауы.

15. Оқытушы қызметін бағалау Министрлік айқындаған сапалық және сандық көрсеткіштерді (соңғы үш жылда) ескере отырып жүзеге асырылады.

4. Грант қаражатын пайдалану тәртібі

16. Конкурс жеңімпазы Министрлік айқындаған нысан бойынша Министрлікпен келісім жасасады.

17. Грант оның иегерінің жеке шотына бір рет аударылады.

18. Грант иегері Министрлікке Грантты пайдаланғаны туралы: ғылыми зерттеулерді немесе тағылымдаманы орындағаны, жылдық жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес растайтын құжаттармен бірге олардың нәтижелері туралы жиынтық есепті ұсынады.

19. Грант иегері:

1) Грант иегері жылдық жұмыс жоспары-кестесінде көзделген іс-шараларды орындамаған;

2) Грант иегері Грантты тағайындаған жыл ішінде Қазақстан Республикасынан туыс жерге тұрақты тұруға шыққан жағдайларда оған ие болу құқығынан айырылады және оны толық көлемде қайтарып беруге міндетті.

20. Егер Грант иегерінің жоспар-кестеде көзделген іс-шараларды орындамауы:

- 1) Грант иегерінің қайтыс болуына;
- 2) Грант иегерінің еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға;
- 3) еңсерілмейтін күшке негізделген жағдайда Грант қайтарылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК